

сохраняя стремление к личной самооценности, пытаются развернуть свои возможности и потребности на поприще более широкой, общепользуемой преобразовательной деятельности – в искусстве, в производственно-экономической сфере (роман «Другие зори» Щеголихина, «Схватка» Есенберлина, «Последний долг» Нурпеисова), в медицине (ряд произведений Щеголихина). Это герои своего времени, своей исторической эпохи. Совершенно очевидно, что сфера социалистического преобразования жизни осмысливается и оценивается писателями как реальный источник гармонического сочетания всех сторон жизнедеятельности строителей нового общества.

Это проявляется в основном в виде отрицания непосредственно окружающих героя социальных условий и утверждения субъективных усилий, направленных на их преобразование. Читателя покоряет бескомпромиссное стремление главного героя постичь истину. Мы обнаруживаем источник положительных ценностей часто лишь во внутреннем мире личностей интеллигентов, в их стремлениях, побуждениях, действиях и поступках.

Казахстанские писатели – Ильяс Есенберлин, Абдиджимил Нурпеисов, Иван Щеголихин – изобразили в своих романах замечательных современных людей, воспитанных на лучших национальных традициях.

В анализируемых произведениях надо отметить намеренное ступение авторского слова и экспансию слова героя, чье сознание в структуре повествования занимало первенствующее место.

Мы замечаем, что всеведущий автор как бы ушел в тень – на авансцену вышел герой, и его видение мира, его сознание стало опорой структуры прозы. Монологи героев во всех произведениях занимают значительное место, и мы, как читатели, находимся в положении тех, кому герой доверяет свои сокровенные мысли. Герои приобретают авторитет в наших глазах еще и потому, что их слова были тесно сращены с их способностью чувствовать и сознавать мир.

Важным в изучаемой прозе стало восстановление в правах «чужой» точки зрения, которое отражает возросшее доверие литературы к суверенности героя, внимание к неповторимости его индивидуального бытия, к складу его мышления, его здравому смыслу.

Усилилось внимание к человеку – не только создателю и деятелю, но и рядовой личности – «маленькому человеку». Появилась потребность пристально всмотреться в их мир, понять их интеллектуальный и нравственный облик. И здесь не обойтись было без биографии отдельных людей, несущих в себе типические черты времени. Можно отметить как значение художественных обобщений, так и умение глубоко раскрывать частные судьбы своих современников.

Нужно отметить роль критиков и литературоведов того времени (период 1956 -1968 годы), которые поднимали вопрос о главном. Обратимся к

истории казахской литературы: «Особенно острые споры возникали вокруг вопроса о главном герое. Если одна группа писателей стояла за создание «идеального героя», то другие выдвигали на первый план «простого, маленького» человека.

В ходе творческих дискуссий сложилось мнение о том, что советской литературе нужны и идеальные герои, могущие быть примером для подражания, и персонажи противоречивые, не лишенные недостатков; что богатство литературы составляют не похожие друг на друга герои, а разнообразные человеческие типы» [5 59, с.223], что также сказалось на обрисованных писателями образах героев, которые стали живыми, яркими и более правдивыми.

Герои данных произведений коренным образом отличаются от идеальных героев, обладающих исключительной стерильностью, ведь критерием положительности героя являлось наличие или отсутствие недостатков, изъянов в его поведении и характере. То есть мы можем говорить о недостаточности такого героя, отмечая соотношенность его с неким абстрактным идеалом. Как мы указывали выше, останавливаясь на издержках литературы социалистического реализма, положительный герой становился воплощением этической нормы своего времени.

Существовала практика сведения положительного героя к «эталону», «инструкции», «директиве». Сторонникам схематизма Щеголихин, Есенберлин, Нурпеисов противопоставляют мысль о многообразии творческих индивидуальностей, о роли художественного видения, предопределяющего отбор определенных типов для создания эпохи. Мы можем утверждать, что герои предстают с позиции развивающейся жизни.

Этими писателями (в особенности – Щеголихиным) владело стремление к целостному и всестороннему анализу правды, заложенной в характере, что сыграло большую роль в решении главных вопросов – введении новых социально-художественных типов, приближенных к действительности. Это предопределило усиленное отстаивание прав действительности в художественном изображении мира.

И.О. Роднянская, стремясь провести грань между «беллетристической» и «строгим искусством», писала, что художник должен заболеть своим замыслом. «Замысел можно определить как выбор материала и точки зрения на него. Это плод опыта и духовной жизни писателя; до него нужно дорасти». И, развивая мысль об ответственности художника за личное понятие, выстраданное им, Роднянская продолжала: «Речь идет о вольном напряжении художника, который свои душевные силы употребляет на то, чтобы передать окружающим – даже, если потребуется, вопреки их желанию, преодолевая их часто косное сопротивление, – нечто заветно важное из понятного им о жизни. В этом волевом импульсе кроется источник воздействия на нас произведений подлинного искусства» [6 134, с.235-236].

*Художественные образы*, нарисованные авторами, всегда символически, репрезентативны, они выступают как некий знак обобщений обширных

пластов человеческого опыта, социального, психологического.

Данную прозу можно считать новаторской, ибо она открыла новые пласты социальной жизни, показала новые характеры, принесла с собой новые стилевые решения, новую концепцию бытия.

1. Щеголихин И.П. Старая проза: Романы. - Алма-Ата: Жазушы, 1990. - 416 с.

2. Щеголихин И.П. Храни огонь. Рассказы и повесть. - Алма-Ата: Жазушы, 1968. - 116 с.

3. Нурпеисов А. Последний долг: Роман. - Алматы: Атамұра, 2000. - 384 с.; Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз: Роман. - Алматы: Жазушы, 1999. - 472 б.

4. Есенберлин И. Золотая птица. Схватка. Два романа. - Алма-Ата, Жазушы, 1977г. - 398с.

5. История казахской литературы. В 3-х т. [Ред. Колл.: М.Каратаев (отв. Ред.) и др.]. - Алма-Ата, Наука, 1971.- Т. (АН КазССР. Ин-т литературы и искусства им.М.О.Ауэзова)

6. Т.З Казахская советская литература.1971. - 800 с. С илл. библиогр., с.752-799. - С. 219-220.

7. Роднянская И.О. О беллетристике и «строгом» искусстве // Новый мир. - 1969. - № 4. - С. 235 - 236.

\*\*\*

В статье (сравнительный аспект) рассматривается проблема репрезентативности характеров главных героев в прозе казахстанских писателей.

\*\*\*

The problem of representation of the main characters in the prose of Kazakh authors is shown in the article (comparative aspect).

**Қ. Қ. Исалина**

## МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР ТУРАЛЫ ДАСТАНДАР ЖЕЛІСІ

Мұхаммед пайғамбардың өмірбаян деректері негіз етіп жазылған дастандар тарихы әріден басталады. Бұлар бір тұтас цикл деуге болады. «Мұхаммед пайғамбар» дастанында пайғамбардың Хадиша анамызға үйленгенге дейінгі кезеңінің бірер уақиғасы баяндалады.

Шығарма Мұхаммед пайғамбардың ислам үшін күрес жолын баяндайтын ондаған көркем туындылардың бірі. Дастанның мазмұны пайғамбар өмірін негіз еткен хадистер мен Құранның аят-сүрелерінен алынған.

Шығармадағы Әбужәһілдің (Омар бин Хишам) пайғамбарға қарсы әрекеттері нақтылы деректерге сүйеніліп баяндалғаны дастанның тарихи негізін танытса керек. Әбужәһіл надандықтың атасы дегенді білдіреді.

Шығармадағы кейіпкерлердің көпшілігі тарихта болған адамдар. Мәселен, Әбужәһілдің дастандағы жексұрын бейнесі де шындықтан туындаған. Ол жөнінде Құраннан [96, 10; 68, 10-14], хадистерден, қасиетті «Сира» мен араб тарихшыларының зерттеу еңбектерінен оқуға болады», - деп жазады зерттеушілер [1;370].

Әбужәһіл де пайғамбар шыққан Құрайыш тайпасынан болғанына қарамастан, діни ұстаным үшін Мұхаммедке қастық қылуын қоймаған. Бұл амалдан Пайғамбар Алланың құдіретімен ғана аман қалғаны айтылады. Хазірет Омар оны өлтірілуге жібергенде «Хадид» сүресінің аяттарын естіп райынан қайтқан, исламға мойынсұнған.

Дастанда Мұхаммедтің жастай жетім қалып атасы, одан кейін әкесінің інісінің тәрбиесінде өскені баяндалады.

Дастан оқиғалары тарихи аңыздар сырын аша түседі.

Зерттеушілер «Мұхаммед пайғамбар» дастанының қайсыбір желілерін эпикалық мұраның

көркемдік иірімімен сабақтастыра қарастырған тұстар да бар.

Шығармада Мұхаммед пайғамбар мен Хадиша анамызға қатысты баяндалатын әңгімелер де тарихи шындық негізінде айтылады.

Шығармада ежелгі әдебиеттің үзілмеген арқауының бірі - түс көру мотиві бар.

«Бабалар сөзі» жинағындағы дастанда берілген түсініктерге қарағанда бұл дастанның қазақтың халық эпосымен, жыраулар поэзиясымен образдар жүйесі, баяндау тәсілінде ұқсастық, сабақтастық бар. Мәселен, мына бір айтылған тоқтамға назар салалық: «Шығармадағы Хамза, Әбутәліп, Аббас сынды кейіпкерлердің бейнесі «Қозы Көрпеш-Баян сұлудағы» Тайлақ пен Айбасты, «Қобыландыдағы» Естеміс пен Сәлімбайды, «Қыз Жібектегі» Шеге мен Қаршығаны көз алдымызға әкеледі.

...Шығармада басты кейіпкердің санатында Мұхаммед Расулдың немере ағаларының бірі Аббас (Аббас) да жүреді. Оның Үшжам (Хишам) патшаға айтқан мына бір сөздері Бұхардың Абылайға арнаған белгілі өлеңін еске түсіргендей:

Үшжам, менен бай ма едің,

Ілгеріде қайда едің?

Патша бопсың бұл күнде,

Ағайынға сай ма едің?

Нағып шықты есіңнен,

Емек қана жайда едің.

...Түйемді бағып жүруші ең,

Жалаңаяқ зар жылап,

Бір атадан нашарсың,

Неғыласың мал санап...

«Қисса-и анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» қиссасында Мұхаммед пайғамбардың Алланың бұйрығымен Миғражға көтеріліп, нұр дидарын көру тарихы баяндалады. Шығарма 1896

жылы баспа көрген. Бұл дастанның соңында мынадай дерек бар:

Әркімге ғибрат үшін жаздым мұны,  
Жайымыз қандай болар махшар күні  
Иә, Алла, рахметі көп, жарылқағыл,  
Ғафу қып мен ғасының күнәһыны.  
Мұны жазған, сұрасаң, қожа затым,  
Жақсылар, айып етпе, жазған хатым,  
Әкем аты - Шайхыслам қожазада,  
Жүсіпбек, мұн ы жазған - менің атым.

Зерттеушілер Жүсіпбек мәтінді баспаға әзірлеген дейді.

Дастан оқиғасы Құран мазмұнында баяндалған шындық жайлар негізінде өрбиді:

«Мұхаммед Расулдың көкке көтерілуі жайында қасиетті Құранның «Исра» сүресінде анық жазылған» [1;375].

Осы дастандағы оқиғаға қатысты ғылыми деректердің мән-жайына барлай қарау арқылы бірталай мәселені ұғына түсуге болар еді.

«Мұхаммед пайғамбардың көкке көтерілуі мен оның Алла тағала Дәрғаһында болу тарихына Ислам ғалымдары әрқилы баға берген. Оларды кейбіреулері «Расул Алла Миғражға түсінде көтерілген» десе, енді бірқатары «ояу еді» деседі. Тағы бір қайшылық «Мұхаммед (ғ.с.) Көкке денесімен түгел шықты ма, әлде рухы арқылы саяхат жасады ма?» деген аса қиын сауалдың төңірегінде өрбиді. Алайда, көптеген мұсылман қауым Миғраждың дене арқылы өткеніне сенеді» [1;375].

Зерттеушілер «Миғраж» дастанының тіл көркемдігіне көңіл бөледі. Кестелі тіркес, келісті теңеулердің мол екендігіне тоқталады.

Жалпы ислам тарихында «Миғраж» оқиғасын арқау еткен шығарма біршама. Соның ішінде XIX ғасырдағы қазақ арасына кең жайылған дастандардың жазылу тарихында үңіле түсіп зерттеуді қажет етіп отырған мәселелер бар.

Жалпы Мұхаммед пайғамбар туралы қиссалардың негізгі мақсаты XIX ғасырда аярылықпен жүргізілген шоқындыру саясатына қарсы бағытта дін негіздерін ұғындыратын ағыстың мақсатымен үндес.

«Мұхаммед пайғамбар» дастанына сабақтас бұл шығарма еркін жыр үлгісінде қайта жырланған. Жыр тілінде өмір пәлсапасынан өрілген өрімдер назар аударады. Дастан баяндау үлгісінде жазылған. Жанды, бейнелі, көркем. Мұнда ақын дәстүрлі жыр үлгісінде төгілтіп, сөгіп айтатын тұстардың қарасы қалың. Өлең ұйқасы - аралас. Шығарма тілінде кітаби тіл ықпалы мен элементтері айқын көрінеді. Дастанда бейнелі суреттер де бар.

Шығарма өмірлік, тарихи деректерге жүгінуімен де құнды.

1. «Бабалар сөзі»: Көптомдық, 1 том «Діни дастандар». — Астана, 2002. —448 б.

2. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай, Медине, 1991.-547 б.

3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы; Жазушы, 1984.-260 б.

\*\*\*

В статье говорится о художественном влиянии на жанр «кисса» религиозных произведений про пророка Мухаммеда.

\*\*\*

The article is about the artistic influence on the genre of «kissa» (poem) of religious works about prophet Muhammad.

*Н. С. Исмагулова*

## «ӨМІР МЕКТЕБІ» – СӘБЕЦНІҢ ӨМІР ӨРНЕКТЕРІ

Белгілі ғалым Р.Нұрғалидің «Жазушылық жолын бағалаудағы маңызды кілт – оның өмірбаяны, туған-өскен ортасы» (1) деген сөзін ескерсек, С.Мұқановтың ғылыми және шығармашылық өмірбаянын толықтыра қайта жазу тұсында да оның «Өмір мектебі» – негізгі дереккөзі ретінде қызмет ететін құнды туынды. Және бұл еңбектің жазушының тек өз өмірінен ғана емес, қазақ әдебиеті тарихының бірталай өкілдері өмірінен мәліметтер беретіндігімен де құнды екендігін ерекше атап өтуіміз керек.

Сәбит Мұқанов 1900 жылы 22 сәуірде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жаманшұбар деген жерде дүниеге келеді. Ол жылдары Ақмола облысы, Петропавл уезі, Аққуас болысына қарайтын бұл ауыл қазір Сәбит Мұқановтың есімімен аталады. Жазушы өзінің дүниеге келген жылы туралы «Өмір мектебінде» «кейін анықтасам,

мен сиыр жылы, апрельдің он үшінде туған екем. Ол – 1901 жыл. Документте «1900 жылы» боп жүр» дегеніне қарамастан, құжаттары бойынша ресми түрде туған жылы мен күні 1900 жылғы 22 сәуір болып есептеледі.

Жазушының туған атасы Шүкей малы да, асы да өзіне жеткілікті шағын шаруалы отбасынан шыққан ағайынды бес жігіттің төртіншісі және «ойын-сауықтан басқада жұмыс жоқ, атты жақсы мінетін, киімді жақсы киетін, көмей біткеннің әншісі, саусақ біткеннің домбырашысы, өлеңді жанынан суырып айтатын ақын» (2) болған екен. Әжесі Қағаз дәулетті, момын, дастарханы кең жерден шыққан өзі де момын жан екен. Атасы Шүкей отау құрғаннан кейін де жігітшілігін доғармай, салдық құрып, ел кезіп кетеді екен. Үйіне келсе де қыз-бозбаланы жинап ап, жасайтыны сауық екен. Әжесі сонда да әй-шәй деп

үн қатпайтын жан болыпты. Үйлі-балалы бола тұра атасы атақты байдың жалғыз қызына ғашық болып, көңіл қосып, бірге қашқан жерлерінен қолға түседі. Қыздың ызалы туыстары «Шүкейді кісендеп, Есілдің күзгі мұздай суына салып қояды. Ертеңіне көптің көзінше мойнына тас байлап, суға ағызбақ болғанда, бір досы жасырын құтқарып жібереді, Шүкей қашып ағаларына барады... Бір күн бойына мұздай суда жатқан Шүкейдің өкпесі қабынып ауырады да, содан құрт ауру боп, бір қыс төсек тартып жатып, келер көктемде жиырма жеті жасында» (2.156) қайтыс болады. Төрт жасар ұлы Ахметпен, екі жасар қызы Зейнеппен жесір қалған Қағаздың жеті айлық күнінде іште қалған үшінші баласы Мұқан әкесін мүлде көрмейді де. Әмеңгерлік жолмен қайнағасы Мүжәнға қосылған Қағаз одан Мұстафаны дүниеге әкеледі. Ахмет жиырма жеті жасында қайтыс болып, атастырып әперген келіншегі Балсарыны Мұқанға қосады. Ахметтен үш құрсақ көтерген Балсарының екі қызы шетінеп, жалғыз Дәмелі дейтін ғана қызы қалады. Әкесі Мұқан Шүкейұлы, анасы Балсары Бәйтәлеуқызы да «міндетті ісін адал атқаратын, күні-түні демей жұмысын істей беретін қақ-соқта жұмысы жоқ» (3) кедей адамдар болған. Анасы оннан аса құрсақ көтеріп, әкесі «а, құдай, тілегімді қабыл ғып ұл бер де, содан кейін ал мені» деп жылап жүріп, «бір қызы туарда ұл бола ма деп ұмсынып атын Ұмсындық қойып, тағы бір қызының атын «артынан ұл туар ма екен» деген оймен Ұлтуған қойып» жүріп, көп қыздың ішінде көрген жалғыз ұлдары осы Сәбит болады. Өзі жалданып жылқысын бағатын Ботпай бай «әйелің ұл туды» деп сүйінші сұрағанда Мұқан қуанғаннан қалағаныңды ал деп, мұның үйінде сүйіншіге аларлық ақша да, мал да жоқтығына қарамай, «мүліктен бар іске татыры, өткен қыс тіктіріп, кимей, төріне іліп қойған етігін» сұраған байға «қалағаның сол болса» (3.15) ал деп, жалғыз етігін беруі біріншіден, оның ұлды қаншалықты зарыға күткенін білдірсе, екіншіден, көңілінің кеңдігін көрсетеді. Қиын тұрмыстың тауқыметін тартқан ата-анасы өмірден ерте қайтады. Әкесі – Сәбит жетіге келгенде – елу алты жасында, шешесі – сегізге келгенінде – елу жасында қайтыс болады. Мемуарлық шығармасындағы осы бір қайғылы сәттер туралы жазушы естелігін қанша қайталап оқысаң да бейжай, көкірек көзің егілмей оқу мүмкін емес (3.46-50). Әке-шешесі қайтыс болғанға дейін өзге апалары ұзатылып, Сәбит апасы Ұлтуған екеуі ғана қалып, олар әкесінің інісі Мұстафаның қолына кіреді. Ата-анадан жастай қалған бала Сәбит тым құрығанда, арқа сүйер туған ағаларының да болмауынан жетімдіктің зардабын тереңірек сезінеді. Жазушының «Жұрттың аузы майлы етте.... Жетімдіктің бір көрінетін жері осындайда. Әкесі, шешесі, ағасы барлар мұндайда топтың арасына кіріп кетеді де, майлы еті бар жіліктерді ұстап жей бастайды, жілік берер жақыны жоқ жетімдер әркімге бір жауаңдайды. Көңілі түскен біреу есіркеп, ет бермесе, олар бұл үйден құрауыз шығады» деген жолдары құлазумен өткен бала көңілінің күйін аңғартады. Р.Нұрғалидің «Э.Хемингуэйдің «Жазушы

болу үшін бақытсыз балалықты бастан кешіру керек» деген сөзі бар. Бұл, әрине, асыра айтылған, бірақ шындығы бар сөз» (1.485) деген ойына қосыла отырып, бұны – Сәбеннің жазушылық жолының шебер қалануының алғышарты ретінде қарастырып, ауылы жаз жайлайтын Дос өлкесінің көркемдігіне сүйініп, табиғаттың әсем сыйы – Дос көлінің қызығына кенеліп өсуі – жазушының суретшілік шеберлігінің шыңдалуына бірден-бір үлес қосқан фактор десек қателеспейміз.

«Өмір мектебінде» автор ата-бабамыздың ХХ ғасыр басындағы тұрмыс-тіршілігінің тарихы деуге татырлық көптеген қызықты деректер де келтіреді. «Қазақ халқы Кеңес үкіметі орнағанға дейін қараңғы күй кешкен» деген түсінікті жетпіс жылдық тарихы бар кеңестік идеологияның санамызға сіңіріп тастағандығы сонша сол замандарда қазақ тұрмысы, шынында да, сүреңсіз суреттерден ғана тұрғандай қарайтын кейінгі ұрпақ ойларын жоққа шығарып, балалық шағында басынан кешкен бал қызықтарын баяндайтын С.Мұқанов әңгімелеріндегі даланың балаларды қызықтыратын жуасы мен жидегі, су астында, қамыстың түбінде жататын сүттен ақ, қанттан тәтті сүйірігі, көл бетіндегі құс балапанын аулау қызығымен қоса, асық ойнау, «ақсүйек», «соқыртеке», «бурақотан» секілді ойындарды ермек қылған ауыл балаларының өмірі кез-келгенді елітіп ала жөнеледі. «Бір күннің ойыны бір күнге осылай жалғаса береді... Шіркін, Дос, балалардың шын досы едің-ау, сен!.. Балалық шақта сенің жағанда өткізген сол бір қызық күндер, күні бүгінге дейін көз алдымда, нақ сол бейнелерімен жарқырайды да тұрады!.. Сол бір күндер есіме түскенде мен сені аса аңсап сағынам, Досым!..» деген сөздерден сол кездегі ауыл балаларының табиғатпен етене жақындығына және жазушы жанындағы қимастық сезімнің шынайылығына тәнті боламыз.

Балалық шағын ауқатты ағайындарына жалданып, мал бағумен өткізген Сәбит өзінің талаптануымен хат танығанымен, мұғалім алдын көріп, жүйелі білім ала алмайды. Ол кездегі қазақ ауылындағы білім алудың жалғыз көзі – молладан оқу болған. Молданың балаларға солқылдақ жас шыбықпен дүре соғатынынан хабардар бала Сәбитті де қарсылығына қарамай, сегіз жасында «кішкене ағасы» (С.Мұқанов әкесінің інісін солай атайтын болған – Н.И.) Мұстафа ауылдары Жаманшұбардағы татар молда Хабибулла Ғазизуллинге оқуға береді. Қара танығаны болмаса, хат танымайтын молладан Сәбит арабша хат танырлықтай сауатын ашады. Өз балаларына сонша қатал Мұстафа «мені кісі баласы көре ме, әлде әке-шешесі жоқ жетім деп аяй ма немесе туысқаным деп жылы ұшырай ма, ұрмайды да, ұыспайды да» (6) деп еске алғанымен, Сәбен: «Мұстафаның үйі маған оншалық қолайлы бола алған жоқ. Ең алдымен, батырақ семьясында туғанмен, біреудің жалғыз ұлы болған соң әке-шешем мені бетке қақпай еркін ұстаған, сондықтан, олардың тұсында мен шалдуар-тентек болғам... Мұстафаның үйіне кірген соң да өзгермей, әрқайсысымен, әсіресе, менен бір жас үлкен Ғаббаспен қағыса берем. Тегі жетім бала деп

аяйды ғой деймін, әдетте, Мұстафа мен оның әйелі Сілеусін ұрыс-қағыста мені жақтап жазықты, жазықсыз болсын, Ғаббасты маған жығып береді. Бірақ мұның да шегі бар ғой, кейде көрінер көзге мен Ғаббасқа қиянат жасасам, мінезі қатал Мұстафа «өзіннен де бар» деп мені де жаққа тартып қалады, оның бәрі кек боп менің ішіме жинала береді. Ал, Сілеусін жеңгей ешбір жағдайда мені маңдайға шертпейді... Шаруа күйі нашар болғанмен, әкем мен шешем үйіндегі астың тәтті-дәмдісін менің аузыма тосатын, өздері жамаулы киіммен жүріп, менің үстіме ылғи жаңа кигізетін. Әке-шешем өліп, күнім Мұстафаның үйіне түскен соң, күтімді күйден мен айрылдым. Сонда Мұстафа мен Сілеусін мені өз балаларынан алалап ұстамайды, шағын шаруасы мол тұруға жетпейді» (3.81) деп жазады. «Өмір мектебінен» ұзаққа келтірілген бұл үзінді жетім баланың сол кездегі күйін айқынырақ аңғартады. Өмірдегі ең жақын адамына айналып, қамқоршысы болған апасы Ұлтуған туралы «Жасым кіші бола тұра, үлкен деп еркелей тұра, ақылшым көре тұра, мен Ұлтуғанды «әйелге», өзімді «еркекке» санап, оған қамқоршы боп жүрем. Көлден қоға тартсам, сұлу сүйірігін, томардан жұмыртқа жинасам, әдемісін, қырдан жидек терсем, тәттісін соған әкеп берем. Айт-той сияқты бірдеме болса, одан қолыма ет, бауырсақ, ірімшік, құрт сияқты тамақ іліксе, әрдайым есімде Ұлтуған боп, өзім жемесем де оған әкелем... Ол менің де қамқоршым: кір-қоңымды жуатын, киім-кешегімді бүтіндейтін, қолы жеткен астың дәмдісін жегізетін, әлдилеп ұйықтатып, әлпештеп оятатын, әрдайым менің қасым мен қабағыма қарап, көңілімді табуға тырысатын, маған біреу тисе бәйек боп шырылдап жүретін сол!.. Қысқасы, менен аз жас қана үлкен бола тұра, ол мені шешемдей күтеді...» деп, елжірей жазылған жолдардан бала ауадай қажет ана махаббатынан мүлде мақұрым қалмай, оны апасынан тапқанына куә боламыз. «Жетім қозы – тасбауыр» дегендей, жетім Сәбиттің өмірдегі әділетсіздіктерден көкірегіне кек жиналып, қатыгезденіп кетпеуі де аяулы апасының осы бір қамқор сезімі арқасында болса керек!?

Жалпы, байқап отырсақ, Сәбеңнің жаратылысы атасы Шүкейге тартқан. Оның сауыққұмарлығы, әншілігі мен домбырашылығы, суырып салма ақындығы да немересінің бойына дарыған. Кедейлігіне қарамай, ойын-сауықтан қалмайтын қасиетінен, әнге үйірлігінен Сәбит ағайындарынан «одан да молдалығыңды білсеңші» деп, талай сөз де естиді. Табиғатынан зерек Сәбит хат танығаннан-ақ әр түрлі кітаптарды оқуға талпынады. Әуелден өлең-жырға, ертегі-әңгімеге әуес бала ел арасына көп тараған қисса, дастандарды, там-тұмдап әдебиет үлгілерін тауып оқи бастайды. Ол кездегі азын аулақ қазақ кітаптарында ескі өзбек немесе татар тілдері араласып келетін. Көп дастандарды жатқа айтатын болады және оларды өзі төрт жүйеге бөліп көрсетеді. Бірінші жүйесі: «Пайғамбардың Миғражға шыққаны», «Зарқұм», «Сал-сал», «Пайғамбардың дүниеден қайтқаны», «Кербаланың шөлі» секілді ислам дінін сүюге үгіттейтін қиссалар. Екінші жүйесі:

«Ләйлі-Мәжнүн», «Бәдіғұл-Жамал», «Қисса и Хұсырау патша», «Сейфіл-Мәлік», «Жұсып-Зылиқа», «Рүстем-Зарап», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» сынды махаббатқа арналған қиссалар. Үшінші жүйесі: «Тәмәмдар», «Шаһмаран», «Алтын балық» секілді ертегілер. Төртінші жүйесі: «Алпамыс батыр», «Қара қасқа атты Қамбар», «Ер Тарғын» сияқты қазақтың батырлар жырлары. Қиссалар әр түрлі орындарда айтылатын болған. Мысалы, «қызойнақта», қарт адамдардың жиынында немесе әркімдердің жеке үйінде. Тыңдаушыларының алуан түрлі талғамына сай осындай түрлі тақырыптағы дастандарды жатқа айтатын қиссашы баланың жадының мықтылығы қайран қалдырады. Ол осы құдай берген өнерінің арқасында он бір-он екі жасынан бастап ыңғайы келгенде қисса айтуды кәсіп көзіне де айналдыра жүреді. Өзге орталардан көрі қыз-бозбалалар жиындарында қиссаларға құмартаушылар аз болып, олар ән тыңдауды ұнатады екен. Ән салу жағына әлі шорқақтау Сәбит «Ендігі ермегім ән үйрену болды. «Әу» дерлік даусы бар жігіттің бәрі де айтатын «Қалқам шырақ» сияқты әнді менің менсінгім келмейді. Жақсы әндер үйренгім келеді. Ондай әндерді үйрететін біздің ауылда екі-ақ адам бар. Біреуі – Жұбандықтың Кәсені, біреуі – Қабанбайдың Ғабдолы» деп, осындай ірі әншілерді жағалай бастайды. Кәсенді салмақтап, ақысын төлеп ән үйренетін болса, еш уақытта адам көңілін қалдырмайтын Ғабдолдан ақысыз-пұлсыз көп әндер үйренеді. Әншілігімен қатар жыршылық өнері де бар Ғабдолдың айтатын бірталай сюжетті ұзақ жырларының ішінен ақын есімде сақталғаны деп, «Сұлушаш» пен «Мақпалды» атайды. «Кейін мен ұзақ поэма ғып жазған «Сұлушаш» – Ғабдол айтатын «Сұлушашқа» аздап ұқсайды» (3.180) дейді. Ақан серінің аты мен әндерін де да алғаш Ғабдолдан естіген бала көңілі Ақан серіні көруге құмартады.

Осылайша әдебиетке, әнге қызығушылығы оянған Сәбит он екі жасынан бастап өлең шығаруға талаптанады. Алғаш өлең жазуына өзі Мұстафаның үйінен бөлек шыққан кезінде сол үйде қалған апасы Ұлтуғанға деген сағынышы себеп болады. Артынан ұмытылып қалған сол бір бір-екі ауыз өлең кезінде ауыл арасына тарап кетіп, бірте-бірте адамдардың өтініші бойынша да өлеңдер шығарып беріп жүріп, «өлеңші бала» атанады. «Өлеңді де, әнді де жақсы айтады екен, қонған жерімізде өлең айттырып отыруға ермек те болар және ән-күйдің қонған елі Атығай-Қарауыл деседі ғой, со жаққа барып ән де үйреніп қайтар» деп шешкен ауыл атқамінерлерімен бірге осы өнерінің арқасында он үш жасында Сырымбетке шеккен сапарынан Сәбең толып жатқан ертегілер, әңгімелер мен әндер үйреніп, үлкен рухани сабақ алып қайтады. Жер көреді, ел көреді, көкірек көзі ашылады. Шоқанның өскен ортасы – Шыңғыс ханның ордасында болады. Атақты Ақан серімен, Үкілі Ыбыраймен, Балуан Шолақпен жүздесіп, өзі сыртынан тәнті болып жүрген адамдарының өнерлерін тамашалайды.

Күллі қазаққа «Қалың мал» романымен танымал, өмірін үздіксіз ұстаздыққа арнаған ардақты жан, сол

кездері көп жерлерде Ы.Алтынсариннің ынтасымен ұйымдасқан мектептер ізімен орыс поселкесінде ашылған орыс-қазақ мектебінде (русско-киргизская школа) жұмыс істеп жүрген, Қызылжардан қайтып келе жатқан Спандияр Көбеев Сәбитпен тілдесе келе жетімдігін білгеннен соң орысша оқуға кеңес береді. Мұндай орыс мектептері тегін болғанмен, онда оқу үшін үш жылдық ауылдық мектепті бітіру керек болады. Ал ауылдық мектептің өзі де кейбір ауылдарда ғана бар және ақылы болғандықтан, жетім баланың мектепте оқуға мүмкіндігі болмайды. Сол жолы С.Көбеевтің «Үлгілі бала» атты кітабымен танысқан бала Сәбиттің көңіліне «Мектепке шақыру», «Жетімнің өлеңі» деген шығармалары қатты ұнайды да, осы соңғы өлеңнің ізімен:

Жетімнен ит те жақсы иесі бар,  
Иеден басқа тимес киесі бар.  
Меңдейді иттен дағы төмен көріп,  
Желкеге кім көрінген түйе шығар,

деген өлең шығарады. Осылайша, туған жерге деген сезімін, апасына деген туыстық сағыныш сезімін, бозбала көңілін қытықтаған қыздарға деген құмарту сезімін арқау еткен тырнақалды туындылары дүниеге келеді. Сәбиттің ақындық жол мен оқуға бет бұруына сол кездері ақын атағы шығып жүрген, өзінен үш жас үлкен Баймағамбет Ізтөлинмен танысып, достасуы да біраз ықпалын жасайды. Өзі де Баймағамбеттің өлеңдерімен танысып, оған өз өлеңдерін оқып, оның пікірлерін тыңдайды. Артынан қаладан Баймағамбеттің жіберуімен татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың кітабы қолына түсіп, шығармаларымен танысады. Абайдың есімін де, оның мықты ақын екендігі туралы да алғаш Баймағамбет жазған хаттан білген Сәбит ақыры оның 1909 жылғы алғашқы өлеңдер жинағын қолға түсіріп, кейіннен бұл кітапты 1945 жылы Абайдың жүз жылдығы қарсаңында Семейде ашылған Абайдың мұражайына тапсырады. «Күн оқыдым!... Түн оқыдым!... Жатып оқыдым!... Тұрып оқыдым!... Үйде оқыдым!... Түзде оқыдым!... Оқыған сайын сусай бердім!... Оқыған сайын дәмдене берді!... Оқыған сайын ажарлана берді!... Тоқаевтың өлеңдеріне шалағайлау түсінетін ем. Абайда мен түсінбейтін сөз жоқ. Және оның жазғаны – өзім көріп жүрген ауыл адамдарының тұрмысы...» (3.397) деп жазған жолдардан Абай өлеңдерінің ақын балаға қаншалықты терең әсер еткендігін айқын аңғаруға болады.

Осы бір тұстарда ауыл арасында ақын бала, молда бала, қиссашы-әнші бала, мұғалім бала атанып, ыңғайы келген кәсіппен күнін көріп жүрген бозбала Сәбит бір өлімнің аузынан қалады. Омар баласы Қанапия есімді өзінен төрт-бес жас үлкен, бірге пішен оратын жігітпен үздіксіз ілігісіп, алысып жүреді. Күштері үнемі тең түсіп жүріп, бір күні ызаланған Қанапия қасында жатқан қазықпен Сәбиттің шекесінен салып жібереді. Бұл оқиғаның неден бастау алғаны туралы жазушы: «Тоқтаның қайран көлінің жағасында басталған сауық кештердің біреуінде қызға қадала қарауға үйрене бастаған менің көзім жасы өзіммен мөлшерлес бір қызға түсе қалды. Қазір ұлдарын үйлендіріп, қыздарын ұзатып...

дегендей, «қасабалы қатын» абыройлы бәйбіше болған ол қыз, сол кезде үріп ауызға салатын тәтті жемістей мөлдіреген, әрі сымбатты, әрі кескінді өте көркем қыз еді. Және өзі хат біледі!.. Осы қызға кейде өлең, кейде өлеңге бергісіз қара сөзбен хаттарды жүргізе бастаған кезімде, «иә» дей қоймағанмен, менің жалбарынған сөздерім жүрегіне жеткендей болғанын, сәті түсіп оңашалау бір жолыққанда қыз сөзімен емес, көзімен ғана аңғартқандай болған кезде, Қанапиясы құрғыр арамызға киліге кетті» (3.423) деп жазады. Күндіз талып қалған Сәбит кешке дейін есін жимағаннан кейін пішеншілер бірауыздан «миы ойылып кетті мұның, бұл енді өледі» деп жориды. Бірақ, көрер жарығы бар бозбала алла жар болып, аман қалыпты. Балаң махаббаты жолында бірбеткейлік танытып, бас тарта қоймауы оның көкірегін таптатпайтын, қайсар мінезінен хабар береді. Осы бір өр, көшбасшылық қасиетінің арқасында Сәбит қай ортада болмасын елеусіз қалмаған және өсе келе, білімі шыңдала келе бұл мінезі де шыңдалып отырған.

Мұқанов тағдырына бетбұрыс жасаған – қазан төңкерісі болды. 1918 жылы Омбы қаласындағы алашордашылар ашқан мұғалімдер курсына оқу үшін адам лық толы пойызға тұмсығын соғуға да мүмкіндік болмағандығына қарамай, қалаға қысты-гүні вагон үстіне мініп жетеді. Вокзалда бар ақшасын ұрлатып, талай қиындық көреді. Ауылдас бай ағайыны Қазі Торсанұлы курстың бастығы болып тұрған Мағжан Жұмабаевпен таныстырып, сөйлескеннен кейін ол Сәбитті оқуға алып, өзі үйінде тұрып жатқан нағашы апасы мен жездесін келістіріп, солардың үйінде тұрып, қора тазалаушысы болуға орналастырады. Бұл курста қазақ тілі, орыс тілі, география, есеп, жаратылыс, педагогика, тарих, дін сабағы, ән-күй, гимнастика секілді сабақтар жүріп, қазақ тілі, педагогика, тарих және дін сабағынан Мағжан Жұмабаевтан дәріс алады. «Бұл сабақтардың қазақша конспекттерін жазғанда мен Мағжанның хатшысы сияқты боп алдым: кешкі уақыттарда ол мені өз комнатасына шақырып алады да, диванға қисайып жатып орысша кітаптағы тексті маған қазақша диктовать етеді. Мен оның айтқандарын араб әріптерімен жазып отырамын және тез жазамын. Оның маған пайдасы да болды, мен тарих сабағын өте жақсы білетіндердің қатарында жүрдім. Мақтанғаным емес, өзге сабақтан да жаман болған жоқпын. Сол қыста сабақ атаулының орыс тілі мен гимнастикадан басқасын ылғи «бестік» балға бердім» (2.91) деп өзі жазғандай, Сәбит тұрмыс қиындығына қарамай, жап-жақсы жаңаша білім алып, бір оқу жылын аяқтағанда қазақ жеріне құрығы енді жеткен «қызылдар» мен «ақтардың» қалада қақтығыстары жиілеп, оқу үйі өргеніп кетеді. С.Мұқанов заман ауаны бір жақты болғанша 1919 жылы елге қайтып, аз уақыт мұғалім болады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қызылжарда «Романовтар үйінің» ғимаратында ашылған екі айлық мұғалімдер курсына түсіп, Баймағамбет досымен бірге үгіт жұмысына тартылған С.Мұқанов жеделдетілген түрде 1920 жылдың 5 желтоқсанында

партия мүшелігіне қабылданады. Бір айдан кейін оқып жатқан бірнеше коммунистермен бірге ауылды кеңестендіру жұмысына жіберіліп, тағы да оқуын тамамдауға мүмкіндігі болмайды.

Осылайша 1920-1922 жылдары ел арасынан астық жинау, партия ячейкаларын құру және тұтынушылар кооперациясын құру науқандарына белсене қатысады. Осы жылдары ұйымдасып көтерілген байлармен қақтығыс кезінде С.Мұқанов аяғына оқ тиіп, екінші рет өлім аузынан қалады. Таптық күрестің Көкшетау облысындағы оперативті өкілі және партияның Ақмола губерниялық комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарады.

Қызмет бабымен елге бара жатқан бір жолында Сәбең Есіл тасып, бұзылған көпір мен арқаны үзілген паромның жөнделуін күтпей, бір шалдың қайығына отырады. Ағашы қаңсыған қайыққа су кете бастап, өзеннің ортасына келгенде суға батады. Жүзе білмейтін С.Мұқановты батып кеткен жерінен өтіп бара жатқан қайықтағы үш жігіт құтқарып қалады да, тағы бір ажалдан аман қалады. Бірақ суға кеткен чемоданымен бірге соңғы бес-алты жыл бойы жазып жүрген өлең дәптерінен айырылады. Аласапыран заман оны тез марқайтып, саяси жағынан тез толысады.

1922 жылы Орынбордағы жұмысшылар факультетіне (рабфак) барған Сәбит Мұқановтың білімі аздық қылып, «бұл үшін кемінде алты кластық білім керек, оның үстіне орыс тілін де тым шалағай білесін» деп, оқуға түсе алмай қалу қаупі туғанда, А.Асылбековтің ақылымен С.Сейфуллинге жолығады. Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып тұрған С.Сейфуллиннің көмегімен оқуға қабылданады. Сол жылдары орысша үйреніп, орыс әдебиетінің поэзиясымен танысып, әдеби білімін ұштайды.

Сәбит Мұқанов осы жұмысшылар факультетіне жібермей жатқан Ғабит Мүсіреповтің әкесімен сөйлесіп, оқуға түсуіне себепкер болады. Сәкен Сейфуллинмен де етене араласуы осы кезеңдерден басталады. Сәкеннің шақыруымен оның үйінің бір бөлмесінде тұрған кездерінде де Ғабитті қалдырмай, қасына алады. Сәкеннің қамқорлығын көп көрген Сәбит одан рухани жағынан да көп сабақ алады, әдебиеттегі ұстазы ретінде құрмет тұтады.

Екінші курсты бітірген соң 1924 жылдың жазында Сәбит ағайындарының кеңесімен Қосшығұл деген байдың Рахима есімді қызына үйленеді. Ағасы: «Талай тамаша домбырашыларды көре жүре, екі ішекті, сегіз пернелі домбыраны мұндай шебер сөйлеткен жанды кездестірген емен. Құдай өзіне жіп-жіңішке, ұп-ұзын ақ сүйріктей саусақтар берген екен. Домбыраны сабамай, екі ішекті оң жақ қолының сұқ саусағымен іліп-шалып қана отырады екен. Сонда неше түрлі тамаша үндер шығарып, маңайында мыңдаған бұлбұл сайрағандай халге түседі екенсің!» (4) деп суреттеп берген әйелінен Сәбең келер жылдың күзінде ұл сүйеді. Өкінішке орай, әйелі көп ұзамай аурудан қайтыс болады да, тәп-тәтті қылықтары шығып өсіп келе жатқан ұлы да қызылша ауруынан көз жұмып, Сәбең қайғы үстіне қайғы

жамап кетеді. Сол қайғының тұңғиығына тереңдеп бара жатқан Сәбитке ағайындары басу айта отырып, он алты жасар Қожахметқызы Мәриямға үйлендіреді. Тұла бойы көргенділікке тұнып тұрған, әже тәрбиесінен шыққан ақылды, жас жарының арқасында Сәбеңнің түзде ғана емес, үйде де абыройы асқақ, еңсесі биік болады. Достары сүйініп, дұшпандары күйінерліктей тату тұрған жұбайлар 47 жыл бірге жұптарын жазбай, өнегелі өмір сүреді.

1926-1928 жылдары «Бостандық туы» газетінің жауапты хатшысы, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы, ҚазАП-тың жауапты хатшысы болып қызмет атқарады.

Осы кезге дейін атқарған сан салалы қызметінде болсын, шығармашылық өрлеу жолында болсын, ілгерілеудің басты кепілі терең білім екенін, онсыз көздеген мақсатына жету мүмкін еместігін айқын сезінген ол 1928 жылы Ленинград университетінің филология факультетінде оқиды. Бірақ тұрмыстың ауыртпалығынан оны бітіре алмайды.

Облыстық орталық мұрағаттан табылған Петропавл округтік «Кеңес ауылы» газетінің редакторы және ВКП (б) округтік комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Сәбит Мұқановқа 1929 жылдың 17 қарашасында берген мінездемесінде былай жазылған екен: «Сәбит Мұқанов жолдас 1920 жылдан бері партияда, әлеуметтік жағдайы бойынша – батырақ. 1923 жылдан бері әдеби-газет жұмысының басшылығында. Бұл сала бойынша жеткілікті тәжірибесі және оны ұйымдастыратын білгірлігі бар. Қазіргі уақытта «Кеңес ауылы» округтік қазақ газетінің редакторы және ВКП (б) округтік комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары болып істейді, жұмысын атқарады және қажетті бастама таныта біледі. Әдеби еңбектері бар. Партияның ағымдағы саясаты мәселелерінде оң-солын біледі. Идеологиялық жағынан тұрлаулы, коммунист ретінде ұстамды және тәртіпті.

Басшы әдеби-газет жұмысында одан әрі пайдаланған жөн» (5).

1930 жылы Голощекиннің талап етуімен Мәскеудегі академик Марр атындағы Тіл білімі институтына өзінің көңілі қаламаған оқуға кетуге мәжбүр болады. Бұл уақытта Арыстан, Марат (1927, 1929 жылғы) есімді екі баласы бар Сәбең отбасы жатақхананың күйсіз жағдайында қызды болып, есімін Жанна қояды.

Досы А.Фадеевтің көмегімен екінші оқу жылынан бастап Мәскеудегі Қызыл профессура институтының әдебиет бөліміне ауысады да, жағдайлары түзеледі. Бірақ қыстыгүні сызды бөлмеде дүниеге келген, қыстыгүні елге барамыз деп салқынлатып алған Жанналары жасына жетпей шетінейді. Қызыл профессура институты сол кездегі ең жоғарғы партиялық мектеп саналатын аспирантура болған. Сәйкесінше шәкіртақысы да жоғары, тұрмысы да тәуір болған Сәбең отбасында 1934 жылы тағы бір қуанышты оқиғаға кенеліп, үшінші ұлы Алтай дүниеге келеді.

Оқуды 1935 жылы бітіріп шыққан С.Мұқанов Алматыға оралып, жаңадан шыға бастаған «Қазақ